

2018 жылға арналған әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 05-16/189 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 қаңтарда № 6147 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабының 8-тармағына, "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы" 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сәйкес және аудан әкімінің 2017 жылғы 14 қарашадағы №01-4/4992 қатынасы негізінде Жаңақорған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес 2018 жылы Жаңақорған ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған аудандық мәслихатының
кезекті XVIII сессиясының төрағасы

Е. Ильясов

Жаңақорған аудандық
мәслихатының хатшысы

Е. Ильясов

Жаңақорған аудандық мәслихатының 2017
жылғы "26" желтоқсандағы №05-16/189
шешіміне қосымша

2018 жылы әлеуметтік қолдау шаралары көрсетілетін Жаңақорған ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандар

№	Ден-са-улық сақ-тау са-ла-сы	Бі-лім бе-ру са-ла-сы	Әле-умет-тік қам-сыздан-ды-ру са-ла-сы	Мә-де-ни-ет са-ла-сы	Аг-ро-е-ке-шен

	Жалпы маман-дардың са-ны	маман-дары-ның са-ны	маман-дары-ның са-ны	маман-дары-ның са-ны	маман-дары-ның са-ны	Спорт са-ла-сы маман-дары-ның са-ны	маман са-ны
1	142	52	53	-	8	9	20
жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы.							
№	Жалпы маман-дардың са-ны	Ден-саулық сақтау са-ла-сы маман-дары-ның са-ны	Білім беру са-ла-сы маман-дары-ның са-ны	Әлеуметтік қамсыздандыру са-ла-сы маман-дары-ның са-ны	Мәдениет са-ла-сы маман-дары-ның са-ны	Спорт са-ла-сы маман-дары-ның са-ны	Агро-ө кешен маман са-ны
1	142	52	53	-	8	9	20
тұрғын үй алу немесе салу үшін – бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит							

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК